

# АЛАШ ХАКІМІ ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ 130 ЖАСТА



**ХАЛЕЛ ДОСМҰХАМЕДОВ 1883 ЖЫЛЫ 24 СӘУІР КҮНІ ДҮНИЕГЕ КЕЛГЕН. АЛҒАШҚЫДА МОЛДАДАН ХАТ ТАНЫП, АРАБША САУАТ АШҚАН ХАЛЕЛДІ ӘКЕСІ ЖЕРГІЛІКТІ МЕКТЕПКЕ БЕРЕДІ. МЕТЕП-ТЕН СОҒ ӘСКЕРИ УЧИЛИЩЕГЕ ОҚУҒА ТҮСКЕН ХАЛЕЛ ОНЫ ТӘМАМДАП, ПЕТЕРБОРДАҒЫ ИМПЕРАТОРЛЫҚ ӘСКЕРИ МЕДИЦИНА УЧИЛИЩЕСІНЕ ҚАБЫЛДАНАДЫ. МАМАНДЫҒЫ ӘСКЕРИ ДӘРІГЕР БОЛҒАНМЕН, ҰЛТҚА ҚАЖЕТ ДҮНИЕНІҢ БАРЛЫҒЫНДА ҚОЛЫНАН КЕЛГЕН ЕҢБЕГІН ЕЛ ҮШІН АЯП ҚАЛМАҒАН. СТУДЕНТТІК КЕЗІ АУМАЛЫ-ТӨКПЕЛІ ЗАМАНДА ӨТКЕНДІКТЕН САЯСИ САУАТЫ АРТЫП, ҚАЛЫПТАСУЫНА СЕПТІГІН ТИГІЗДІ. СОЛ ЖЫЛДАРЫ ОЛ ЕЛ АРАСЫНДА ҮГІТ-НАСИХАТ ЖҰМЫСТАРЫН ЖҮРГІЗІП, ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАРҒА МАҚАЛАЛАР ЖАРИЯЛАП ТҮРДЫ.**

## ЖАНДОС НЫҒЫМАН

Біз бүгін 130-ға толып отырған Алаш зиялысы Халел Досмұхамедовтың өмірі мен еңбегін насихаттау жайлы Қарағанды Мемлекеттік техникалық университеті әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының аға оқытушысы, мәдениеттану ғылымдарының магистрі Жарқын Амантайұлы Түсіпбековпен сұхбаттасып отырмыз.

**Жарқын Амантайұлы, Сіз жоғары оқу орнында студенттерге қазақ философиясынан, мәдениеттанудан дәріс оқи жүріп, Алаш зиялыларының өмірлеріне де тоқталатын боларсыз?**

Жалпы Абай атамызда «Бірдің жүзге татитыны бар, жүздің бірге татымайтыны бар» деген сөз бар. Алаш зиялыларының әрқайсын жүзге татитын тұлға десек болады. Оларға алғашқы бағыт-бағдар берген өрине, әкелері. Діни са-

уатын ашқызып, молдаға беріп, мұсылманшылықтың негіздерін мықтап берген жас күндерінен. Халел Досмұхамедовтың өз әкесі арабша хат танытын адам болған екен. Алаштықтардың Отанға деген махаббаты қайдан бастау алды дейтін болсақ, олардың діни білімінің мықтылығында деп айтуға болар еді. Алаштықтардың эрудициясы, жан-жақтылығы қазіргі жастарға өнеге болуы тиіс. Соның ішінде Халел Досмұхамедовтың белсенділігінен жастар көп нәрсе үйренуі тиіс деп ойлаймын. Ол Петерборда жүріп Комуч деген уақытша үкіметтің ұйымына мүше болады. Елге келген соң Орал өңіріндегі Алаш автономиясының басшысы болған. Уақыт өте әскери қызметті тастап, әдебиетке, ғылымға көңіл бөле отырып, көптеген кітаптар жа-

дәрі хақында», «Жұқпалы ауру хақында» т. б. бірнеше мақалалары жарық көреді. Халел Досмұхамедовтың медицина саласына еңбегі көп сіңген. Оба індетіне қарсы жүргізген жұмысы үшін Императордың медалімен марапатталады. Мәскеуде өткен Бүкілресейлік мұсылмандар съезіне қатысып, І жалпықазақ съезінен Бүкілресейлік құрылтай жиналысына депутаттыққа кандидат ретінде ұсынылды. Халел Досмұхамедов жайлы Мұхтар Әуезов: «Тарихты көргің келсе, тарихты түсінгің келсе Халел Досмұхамедов шығармаларын оқы» деген екен. Х. Досмұхамедовтың «Қазақ әдебиетінің тарихы», «Аламан» атты кітаптары жарық көрген, сондай-ақ Махмуд Қашғаридың «Диуани лұғат әт-түрік» еңбегін зерттеп мақала жазған. 1918 жылы Х. Досмұхамедов Алашорда мен Кеңес өкіметінің ара қатынасына байланысты В. Ленинмен және И. Сталинмен келіссөздер жүргізеді. Яғни, халқы үшін еш нәрседен тайынбаған батылдығы мен өткірлігін осындай тарихи деректерден байқаймыз. Халел Досмұхамедов 1930 жылы Алашордаға қатысқаны үшін саяси айып тағылып, Воронеж қаласына жер аударылды. 1938 жылы 26 шілдеде тұтқынға алынып, 1939 жылы 23 сәуірде атылған.

**Алаш белсенділерінің, оның ішінде Халел Досмұхамедовтың тек өз мамандығының саласында қалмай, жан-жақты болуына, белсенді болуына себеп болған не нәрсе деп ойлайсыз?**

Олардың соншама жанталасы, барлық жаққа да үлгеріп қалғылары келуі – ертеңгі күн үшін, ұлт болашағы үшін уайым жегендіктен, ұлтымның қай қажетіне жарасам екен деген ойларынан деп білем. Алаштықтар техникалық мамандықты меңгерсе де, Абай айтқандай тек ғалым емес, хакім бола білген, халық игілігі үшін күндіз күлкі, түнде ұйқы

көрмеген. Абайдың халықтың сүйегінен өткізіп, жылатып айтқан сөздері алаштықтарға әсер етті, алаштықтардың сөздері мен еңбектері бүгінгі жастарға солай әсер етсе екен деген ой келеді.

**Ал енді осы алаштықтардың еңбектері мен идеяларының Республика көлемін айтпай-ақ қояйық, облысымызда насихатталу деңгейі қандай деп білесіз?**

Жасыратыны жоқ, жастар арасында басқаны қойып, өз облысымыздан шыққан үш бәйтерек – Әлихан Бөкейханов, Әлімхан Ермеков, Жақып Ақбаевты білмейтіндері бар. Бұл үшеуі де Ақтоғай ауданының тумалары. Өрине, көпке топырақ шашуға болмас, дегенмен алаштықтарды, олардың идеясын насихаттау тек баспасөз беттерінде жазумен ғана

студенттеріміздің көздері ашыла түсер еді. Бірақ біз қарап отырмайық деп кафедра меңгерушісі Балшекеев Серік Балтабайұлы, Рахымжанов Бақытжан Қадырұлы және мен үшеуіміз «Қазақ философиясы» атты монография жаздық. Бұл еңбек Шәкәріммен аяқталады, болашақта алаштықтарды жазып еңбекті жалғастыратын боламыз.

**Өзіңіз дәріс оқып жүрген студенттер арасында Алаш ардақтыларына ден қойып жүрген жастарды байқадыңыз ба?**

Неміс ғалымы Хайдгер: «Тіл – болмыс дүние» дейді. Сондықтан, Абайдың, Шәкәрімнің, Алаштықтардың, ұлт зиялыларының тілінен шыққан сөз саналы жастарға ой салады. Неге десеніз, олардың аузы дуалы болған, сондықтан да, өздері



шектеліп жатыр. Олардың кітаптарын қайта басып шығару, тұсаукесерлерін өткізу керек деп ойлаймын. Алаштықтарды зерттеп жүрген ғалымдарды шақырып, оларды студент жастармен кездестірген дұрыс болар еді. Бұндай кездесулер жастарға нәр берер еді деп ойлаймын. Студенттердің Алаш ардақтыларын білмеуіне біздің де белгілі жауапкершілігіміз болуы керек. Университетте қазақ философиясы курсы болып, сол курста Абай, Шәкәріммен қатар Алаш зиялылары оқытылса,

өлсе де сөздері өлмейді. Қозғаған мәселелері қай заманда болмасын өз өзектілігін жоғалтпақ емес. Халел Досмұхамедовтың жоғарыда медицина, тіл, әдебиет тақырыбында жазғандары мен зерттеулерін айтып өттік. Ол тек сол ғылымдармен шектелмей, шежіре де жазған, қазақтың батырлар жайлы құнды еңбектер қалдырған. Сондықтан, жастарымыз жан-жақты болса екен деймін. Ұлтқа деген махаббат, ұлттың қажетіне жарау деген мұрат жастарды алға сүйрейді деген сенімдемін.